



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

айтып кеткен. Осы түсінікке байланысты құралған фразеологизмдерге тоқталсақ:

1) Жеті ата жау – ежелгі дұшпан. Жөні келер іс етсем – жайнаңдаған, кесе келсем – көрмесіп бажбаңдаған. Бірде тату, бірде араз, құбылма дос, досым түгіл жеті ата жаудан жаман (Б.К.).

2) Жеті атасына бітпеген – өмірінде үрім-бұтағына бітіп көрмеген. Жеті атасына бітпеген дәулет Құдайменде мен Тәңірбергенге арнап тұр (Ә.Н.).

3) Жеті атасын өлтірген – дүниеқор, дүние қоңыз. Досың жоқ, дұшпаның жоқ, тыныш жатасың, Мал үшін аш қатасың, жан сатасың, Әкесі аштан өлген кісідей-ақ, Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын?! (Абай).

Халқымыздың ежелгі дәстүрінің бірі, бала туғаннан кейін жеті күннен кейін тойлап, адам дүниеден өткеннен кейін жеті күннен кейін жетісін өткізеді. Егер адам жеті ұлттың тілін білетін болса – дана адам болып есептеледі. Ертеде бір нәрседен қатты қорқып сескенгенде, сыйынғанда құдайға, аруаққа жалынып, кездескен қиындықтан өзін сақтауын тілеп, киелі жұма күні – жеті шелпек пісіреді. Бұл жеті шелпекті жеті үйге таратып берген. Осылайша, аруақтарды еске алып отырса адамның өмірде жолы болып отырады деген наным болған. Мысалы, жеті құдайы нан, жеті тиын садақа, жеті тиын нәзір тұрақты тіркестері. Түнеугүні бір қатты ауырғанымда зындандағы пәнделерге жеті нан құдайы айтып едім, сол нанымды әкелемін (ҚЕ).

Ал ағылшын тілінде жеті саны “in seventh heaven” тұрақты тіркесінде кездеседі. Қазақ тілінде осы тіркеске сәйкесінше “төбесі көкке жету” фразеологизмі қолданылады. Бұл аспан жеті қабаттан тұрады, ал ең үстіңгісінде Құдай мен періштелер өмір сүреді деген түсініктен туған тіркес болып табылады. The woman has been in seventh heaven since she moved to the new department. Ағылшын тіліндегі аталған тіркестің де беретін мағынасы осы ойға сай келеді. Бұл қазақ және ағылшын халықтарының түрлі ұлт, тілі мен діні бөлек болғандығына қарамастан, халықтар нанымындағы сенімнің, аспан ілемі жайлы ойының бір арнаға тоғысатындығын көрсетеді.

Қорыта келгенде, тілдік таңбаның ерекше түрі болып табылатын фразеологиялық бірліктерде ұлттың мәдени жемістері, яғни халық ауыз әдебиеті, діни философиясы, салт дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, мифологиялық дүниетаным көздерінің іздері жатыр. Осы мақалада сандарұйытқы болған біршама фразеологизмдердің екі тілдегі аудармасы, семантикалық қызметі, көне замандағы діни сенімдермен байланысы, этимологиясы және қолданылу ерекшеліктері қарастырылды.

Қолданылған әдебиет

1. І. Кеңесбаев. «Жеті», «үш», «тоғыз», «қырық» пен байланысты ұғым // Қаз. ССР Ғылым акад. хабарлары. Филология сериясы, 1946, 4-шығарылым.
2. Р.Ә.Авакова. Фразеология теориясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009. – 292 б
3. І.Кеңесбаев. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. А.: Ғылым, 1977.-712б.
4. Ү. Кеңесбаева. Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік. Астана. 2010.

УДК 81.33

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ОТАНДЫҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Құрманова Назым Есентайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің Жалпы тіл білімі және аударма теориясы кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ә.Қ. Ахметов

Фразеологизмдер тіліміздің мәдени мұрасы болып табылады. Осы күнге дейін фразеологизмдер кең ұғымда қолданылып келді. 1990 жылы шыққан «Лингвистикалық

энциклопедиялық сөздікте» фразеологизмге мынадай анықтама берілген: «Фразеологизм дегеніміз формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталанып қолданылатын семантикалық лексико-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер»[1]. Фразеологизмдердің отандық тіл білімінде зерттелуі XX ғасырдың ортасынан бері бастау алып, әлі күнге дейін жалғасын табуда. Қазақ тіл біліміндегі фразеологизмдердің зерттелуі ең алдымен академик І. Кеңесбаевтың есімімен тығыз байланысты. 1977 жылы оның «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» жарыққа шықты. Бұл сөздікке 10 мыңнан аса фразеологиялық тіркестер еніп, әрқайсысына толық түсініктеме берілді. Бұл еңбегінде ғалым фразеологизмнің негізгі 3 қасиетін атап көрсетеді :

1. Мағына тұтастығы
2. Қолданылу тұрақтылығы
3. Тіркес тиянақтылығы

Фразеологизмдер екі немесе одан да көп сөз сыңарларынан тұруы қажет. Және олардың арасында **мағына тұтастығы** болуы қажет. Сонда ғана ол тұрақты тіркес дәрежесіне жетеді. Мысалы: Кіндік жұртына барып келген күні сыралғы болған сырқаты қайта қозып, **мұрттай ұшты**. (Б.М) Түнгі он екіге дейін сіз қарай тұрыңыз. Мен біраз **көз шырымын алайын**. (Қ.Ж) Тіркес мағыналары: **сыралғы болу**-таныс, бұрыннан белгілі болу, **мұрттай ұшу**- 1. жығылу, 2. ауырып тұра алмау көз шырымын алу ұйықтап алу. Мысалдарда фразеологизм құрамындағы компоненттер бірігіп, тұтас бір мағынаны білдіріп тұр. Мағына тұтастығы дегеніміз-осы. Жоғарыда келтірілген сөйлемдердегі тұрақты тіркестер **сыралғы болу-мұрттай ұшу- көз шырымын алу**- барлығы бұрыннан қалыптасқан дайын тіркес. Айтушы ойында қалған тіркестерді даяр қалпында алып қолданады. Бұл оның қолдану тұрақтылығын білдіреді. Талданып отырған жеке сөздердегі орын тәртібін өзгертуге болмайды. Және кез-келген басқа сөздерді қосып айтуға келмейтін тіркес тиянақтылығы сақталуы тиіс. Мысалы, сыралғы болу етістігінің орнына сыралғы жүру, сыралғы алу етістіктермен айтуға келмейді. Бұл тұрақты тіркес компоненттерінің кез- келген сөздермен тіркесе бермейтіндігін білдіреді. Бұл негізгі 3 қасиет фразеологизмдерді еркін сөз тіркестерінен ажырататын белгілері болып табылады

Варианттылық мәселесі тіл біліміндегі маңызды мәселелердің бірі. Фразеологизмдердің әр түрлі варианттары Г. Смағұлованың «Фразеологизмдердің семантикалық категориялары» атты еңбегінде көрініс тапты. Варианттылық жалпы алғанда бір сөздің нормадан ауытқып әр түрлі айтылуы немесе мазмұн, түсініктің бірнеше нұсқада жеткізілуі. Фразеологизмдердің варианттылығын тілдік тарихи категория ретінде өзге де тілдік бірліктермен арақатысын сандық байланыста қарастыру мүмкін емес. Сол себепті де, негізгі зерттеу әдістері негізінде вариант қатарлардың семантикалық құрылысын айқындауда синхронды талдауға, фразеологизм варианттарының тұлғалық түрлерін анықтау үшін этимологиялық әдістерге де сүйенген жөн. Фразеологизм жолдарының пайда болу жолдары әр түрлі:

- Тұрақты тіркестердің бір компоненті түсіп қалуы мүмкін: *Жанын жегідей жсеу//жанын жсеу*;

- Тұрақты тіркестің бір сөзі басқа сөзбен ауыстырылып айтылуы: *Аузынан ақ ит кіріп, қара көк ит шығу*;

- Компоненттері фонетикалық, морфологиялық өзгеріспен айтылуы *тұлан//түлен айту*;

- Қосымша түсініктеме сөздерді қосып айтуы мүмкін: *болар іс болды//баяуы сіңді*

Қазақ тілінде фразеологизм варианттарының 4 түрі бар:

- 1) Лексикалық
- 2) Фонетикалық
- 3) Морфологиялық
- 4) Лексика-грамматикалық

Фразеологизм варианттарының ішінде ең жиі кездесетіні **лексикалық варианттар**. Олардың жасалу жолдарында мынадай ерекшеліктер кездеседі:

1) Фразеологиялық тіркес құрамында алмасқан компоненттер лексикалық мағынасы жағынан өзара синоним, мағыналас болуы керек. Мысалы: *ит тұмсығы өтпейтін//ит тұмсығы батпайтын*;

2) Ауыстырылатын компоненттер гиперо-гипонимдік қатынастағы лексикалық бірліктер болуы шарт. Мысалы: *Жаны мұрнының ұшына келу//Жаны тырнағының ұшына келу*;

3) Тіркес құрамындағы компоненттер өзгергенде вариант фразеологизм болу үшін міндетті түрде алғашқы түпкі тұлғадағы образдылық сақталуы тиіс. *Ам басын тіреу// Ам басын бұрау*.

Лексикалық бірліктердің фонетикалық өзгерістермен айтылуы дублет сөздер мен тіркестерді құрайды. Мысалы: қазір-кәзір, қыңқ демеу-қыңқ демеу. Сонымен фразеологиялық компоненттерінің кейде дублет сөздермен айтылуы фонетикалық вариантты көрсетеді. Мысалы: Саятаны ұстады-Шайтаны ұстады; Зыта жөнелді-Жыта Жөнелді.

Тұрақты тіркестің морфологиялық құрылымындағы өзгерістер семантикаға қатыссыз болғанда ғана **морфологиялық вариант** болып табылады. Мысалы: Ес біліп етек жапқалы-Ес біліп етек жапқанша, Кіруге тесік таппау-Кіруге тесік таппау. Фразеологизмдердегі варианттылық тек бірыңғай фонетикалық немесе лексикалық, морфологиялық ғана емес аралас **лексика-грамматикалық** түрлері де ұшырасады. Бұл екі варианттың аралас келуі. Бұған етістікті фразеологизмдердің аналитикалық түрленуі және басқа да қосымшалардың жалғануы мысал бола алады. Мысалы: Жер **соғу-жер соғып қалу-жер қып ету-жер ету**. Жаны **шыға жаздау**, Жаны **шығып кете жаздау** [2].

Ғалым Р. Авакова өзінің «Фразеосемантика» атты монографиясында фразеологизмдердің түрлі бағытта зерттелуін айқын көрсетті. Олар келесідей:

1. Фразеологизмдердің теориялық, практикалық мәселелері

Фразеологиялық тіркестердің номинативтік қасиеттері, оның күрделі сөздермен, синтаксистік тіркестермен байланысы мен айырмашылығы және т.б мәселелері зерттелді. Бұл бағытта С. Кеңесбаевтың «О некоторых особенностях фразеологических единиц в казахского языке», С. Сәтенованың «Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты», А. Алдашеваның «Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер» деген зерттеу еңбектері жарық көрді.

2. Фразеологизмдердің стильдік қызметі

Фразеологиялық тіркестердің қолданылуының стилистикалық мәні мен бояулары, коммуникативтік заңдылықтары, олардың бейнелілік және метафоралық негізгі заңдылықтары мен тенденциялары сынды мәселелер қарастырылды. Бұған С. Кеңесбаевтың «К вопросу об экспрессивно-стилистических функциях фразеологизмов на материале казахского языка», Г. Боранбаевтың «XV-XVII ғ.ғ. қазақ поэзиясы тіліндегі фразеологизмдер», Г. Кусимованың «Фразеологизмы в казахском хаосе» деген еңбектерін жатқызуымызға болады.

3. Көркем шығармаларда қолданылуы

Зерттеушілердің алдында жеке авторлардың әдеби шығармаларындағы фразеологизмдердің жеке авторлық қолданыстардың ерекшеліктері мен олардың тәсілдеріне тілдік тұрғыдан талдау жасау мақсаты қойылды. Осы бағыт төңірегінде Х.Қожахметованың «Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы», Ө.Айтбаевтың «Аудармадағы фразеологиялық құбылыс», М.Джанибековтың «Стилистические употребления лексики и фразеологии в произведениях Джамбула» деген еңбектерін жатқызуымызға болады.

4. Фразеологизмдердің мағыналық, тақырыптық тұрғыдан топтастырылу принциптері

Фразеологизмдердің мағыналық топтарына лексика-семантикалық және тақырыптық тұрғыдан топтастырылулар жасалып олардың принциптері мен әдістері айқындалды. Семантикалық өріс мәселесі теориялық аспектіде шешімін тауып, семантикалық, зооморфтық, сандық және т.б мағыналық тақырыптар екшеленіп, олардың көпмағыналы омонимдік, синонимдік, антонимдік варианттылық қатарлары бар. Бұған А.Елешованың

«Фразеологиялық единицаны классификациялау мәселелері», Ө.Қайдар, Р.Жайсақованың «Принципы классификации фразеологизмов и их классификационные группы в современном казахском языке», Г.Рысбаеваның «Сан есімдерге байланысты культтік фразеологизмдер» сынды зерттеулерін жатқызамыз.

5. Фразеологизмдердің жеке категориялары

Фразеологиялық бірліктердің белгілі бір сөз табына қатысын тіркестегі сөздердің грамматикалық сипатына қарап, танып білуге болатыны белгілі. Фразеологизмдердің қай сөз табына қатыстығын анықтау үшін, негізгі сөз бен жалпы тіркестен туындайтын мағынаны салыстыру арқылы бағалауға болады. Бұл мәселе XX ғасырдың 50 жылдарында зерттеле бастады. Сөз табының қатысына қарай фразеологизмдер есімді, етістікті, сан есім, сын есім, үстеу мағыналы болып топтастырылып, олардың морфологиялық, синтаксистік және лексика-семантикалық ерекшеліктері талданылды. Осы бағыттағы зерттеулерге А.Байталиевтың «Қазақ тіліндегі есімді фразеологиялық тіркестердің күрделі сөздер мен еркін тіркестерден айырмашылығы жөнінде», Қ. Сарбасованың «Қазақ тіліндегі етістікті фразеологизмдердің лексико-семантикалық сипаты», Ф. Оразбаеваның «Фразалық сөз тіркестерінің сын есімдермен синонимдес болуы» еңбектері жатады.

6. Фразеологизмдердегі диалектілік ерекшеліктері

Фразеологизмдердің жергілікті ерекшеліктері мен олардың диалектілерге қатысы жөнінде еңбектері көп емес. Олар көбінесе диалектологиялық зерттеулер мен жергілікті ерекшеліктерді саралағанда олардың құрамында қарастырылады. Аз да болса кейінгі жылдары Қ. Қалабаеваның зерттеу еңбектерінде, Қытай қазақтарының тілінде тұрақты тіркестердің жергілікті ерекшеліктерін зерттеуші С. Мұстафаұлы еңбектерінде көрініс тапқан.

7. Фразеологизмдердің этнолингвистика тұрғысынан зерттелуі

Қазіргі күні этнолингвистика ғылымының өзіне тән әдістері мен зерттеу тәсілдері, нысанасы мен мақсат-міндеттері қалыптасқан «жан жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр». Этнолингвистикаға қатысты еңбектердің қатарына Ө. Қайдардың «Қазақ тілінің өзекті мәселелері», Ж. Манкееваның «Мәдени лексиканың ұлттық сипаты», Г.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері» және Б.Уызбаеваның «Қазақ тіліндегі сомантикалық етістік фразеологизмдердің сипаты» деген еңбектерін жатқызамыз.

8. Фразеологизмдердің жеке тілдер деректері негізінде салыстыра зерттелуі

Қазақ фразеологиясы қазіргі таңда салыстырмалы және салғастырмалы типологиялық тұрғыда зерттелуде салғастырмалы типология тілді зерттеудің екі бағытын біріктіреді. Бұл бағыт тілдерді олардың туыстығына, өмір сүру кезеңіне, аймақтық ерекшеліктеріне бөлінуіне қатысты зерттейді. Салыстырмалы және салғастырмалы фразеологияның дамуына арқау болған еңбектердің қатарына Ш. Құрманбаеваның «Түрік және қазақ тілдеріндегі етістікті фразеологизмдерге салыстырмалы талдау», П. Дәулетованың «Қытай және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдеріне лексикографиялық салғастырмалы талдау», Ж. Омиралиеваның «Национально культурная специфика конвенциональных фразеологизмов с соматизмами» (на материале казахского, русского, английского языков) атты еңбектерін атап өткізуімізге болады [3].

Жоғарыда көрсетілген сараптамаларға сүйенер болсақ, фразеологизмдер тобы отандық тіл білімінде жан-жақты зерттеліп келеді деген тұжырым жасауға болады. Дегенмен, түркі тілдерін салыстыра және туыс емес тілдерді салғастыра қарастырған, қолданбалы мақсатқа негізделген зерттеу жұмыстары шектеулі. Алдағы уақытта осындай тың мәселелерге баса назар аударған дұрыс деп есептейміз.

Қолданылған әдебиет

1. Ғ. Қалиев, Ө. Болғанбаев. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы Алматы, 2006.- 264 б.

2. Смағұлова, Г.Н. Фразеологизмдердің семантикалық категориялары: оқу құралы / Алматы: Қазақ университеті, 2009.- 162 б.
3. Авакова, Р.А. Фразеосемантика. Монография. Алматы: Қазақ университеті, 2013.- 246 б.

УДК 347.78.034

ПЕРЕВОД АББРЕВИАЦИЙ КАК ОБЪЕКТ ЛИНГВИСТИЧЕСКОГО ИССЛЕДОВАНИЯ

Маликова Ляйсан Рустамовна

la-la-93@mail.ru

Студент Института международных отношений, истории и востоковедения
Казанского федерального университета, Казань, Российская Федерация
Научный руководитель – Л.Р. Закирова

XXI век, будучи веком прогрессирующих технологий и инновационных методов, используемых во всех сферах жизни, диктует нам новые правила выполнения той или иной работы, основными критериями которых является скорость и компактность. Аббревиациями, или аббревиатурами, впервые стали заниматься еще в середине XX в., однако сегодня аббревиация «вышла из тени» и заняла достойное место среди наиболее продуктивных способов словообразования в различных языках. Именно поэтому аббревиацию можно назвать тем самым инновационным изобретением XXI века, позволяющим значительно улучшить производительность работы писателя или переводчика, сделав его язык свежее, оригинальнее и современнее, а материал – проще и доступнее к прочтению и пониманию. В этом и состоит актуальность изучения перевода аббревиаций, являющихся необходимым инструментом в работе переводчика. Потому что, на мой взгляд, искусство перевода и интерпретации аббревиаций как на русском, так и на английском является непрямым показателем профессионализма и изобретательности лингвиста-переводчика.

Вследствие развития науки и техники, международных интеграционных процессов в области экономики и народного хозяйства, а также появлений неологизмов как письменной, так и устной речи, в современном языке появилась необходимость применения разного рода сокращений, позволяющих терминировать различные понятия.

Стремлению к использованию аббревиатур как объясняется тем, что большинство новых понятий, как в русском, так и в английском языках передаются довольно объемными по написанию и произношению словами и словосочетаниями. Именно поэтому возникает тенденция к их максимальному сокращению для комфортной передачи информации и использованию минимального количества печатного пространства. Тесная связь литературной и научной речи с повседневной речью обыкновенного человека и те проблемы, которые касаются в наш век каждого из нас, не ограничивают их употребление рамками научной литературы.

Что касается английского языка, то он имеет сильную тенденцию к различного рода сокращениям слов. В английском словарном составе большое место занимают короткие, односложные и двусложные слова, а более длинные воспринимаются как нечто инородное.

Это, видимо, и является одной из важных причин большого распространения и постоянно растущего числа всевозможных лексических сокращений в современном английском языке.

Данный доклад ставит своей целью определение роли, которую играют аббревиатуры в современном английском и русском языках на примере сравнения переводов аббревиатур в журнальных и газетных статьях различных жанров.

Итак, перейдем непосредственно к определению термина «аббревиация».

Аббревиация – образование новых слов путем сокращения (усечения) основы. В